



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ОӘЖ 004
**АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН
ҚҰРУ**

Азат Гүлдана
aguwa_28@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі аға оқытушы – Таберхан Роман

Сапа объектілерінің сипаттамасы және қасиеттері адамдар үшін үлкен практикалық мәнге ие. Сондықтан адамдармен қарым – қатынастағы барлық заттардың сапасын бағалау мәселесі ең маңыздылардың бірі болып табылады. Алғашқы өнімнің сапасын бағалау жағдайы б.з.д. XVI ғасырда болған. Тарихи деректерге жүгінсек, Крит аралдарының саудагерлері өздерінің бұйымдарын арнайы белгімен белгілеп көрсетуден туындаса керек. Бұл олардың тауарларының жоғарғы сапасын куәландыратын болған. Осы кезеңнен бері қарай тауап сапасын бағалау мен аталған саланың ақпараттық жүйесін құру заман талап етіп отырған, өзекті мәселе. Қазіргі таңда сапаны басқару жүйесін енгізу кәсіпорындарда мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- жоғары сапалы өнімнің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- өнім көлемін ұлғайту және оны сататын нарықты (рынокты) табу;
- жоғары бағада сататын өнімді көбейту мүмкінділігін қарастыру;
- өнімнің бәсекеге жарамдылығы және қаржы жағдайының тұрақтылығы жөніндегі проблемаларды шешу.


Өнімнің сапасы — бұл белгілі мұқтаждылықты қанағаттандыруға үлкен себепші болатын өнім пайдалылығының жиынтық ерекшелігі. Өнімнің сапалылығы тек техникалық, тауар тану ғана емес, сонымен қатар ең маңызды экономикалық санаттардың бірі болып табылады. Экономикалық санат ретінде ол тұтыну құнына тығыз тәуелді болып келеді. Егер де тұтыну құны — бұл жалпы алғанда тауардың пайдалылығы болса, ал өнімнің сапалылығы — бұл оны пайдаланудағы нақтылы жағдайда тұтыну құнының деңгейінде көрінуі болып есептеледі.

Өнімнің сапа деңгейі оның сапалық көрсеткіштері жүйесі негізінде анықталады. Бұл деңгейді анықтау үшін мұның әрбір көрсеткіштерінің сандық маңызын білу және ұқсастық өнім көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Бәсекеге жарамды өнім нарықта жеңіл жол табады және тез сатылады. Әрбір сатып алушы өзінің жеке мұқтажығын ең жоғары деңгейде қанағаттандыратын тауарды ғана алады және тұтынады. Жалпы алғанда, сатып алушылар тауардың бағаларына қарағанда, қоғамдық мұқтажығына толық сәйкес келетін тауарды ғана сатып алады. Сондықтан, сатып алушының тауарға деген қанағаттанушылық деңгейін жеке дара көрсеткіштер жиынтығы құрайды. Ал бұл көрсеткіштер жиыны тағы да нарықтың пайда болуы аясында қалыптасады.

Сапаны басқару жүйесін енгізуде қарастырылатын мәселелердің бірі стандарттау болып табылады. Стандарттау — бұл ең ұтымды нормаларды табатын қызмет, ал содан соң стандарттық үлгілерді, нұсқауларды өнімді әзірлеудегі талап әдістемелерді нормативтік құжаттарға сай тағайындайды. Стандарттаудың басты міндеті халық шаруашылығының, тауар базасының, экспорт мұқтажы үшін шығарылған өнімдерге деген үдемелі талаптарды анықтайтын, сол сияқты осы құжаттарды дұрыс пайдалануды бақылау, нормативтік-техникалық жүйе жасау болып табылады.

Жүйені жұмыс істетуге және оны орнату үшін көп қолданылатын техникалық жабдықпен қамтамасыз ету талап етіледі. 1-суретте қажетті аппараттық құрал-жабдықтар көрсетілген.



1–сурет. Жүйені аппараттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету

Мұндағыбасты мақсат азық-түлік тауарларының сапасын бағалайтын ақпараттық жүйесін құру болып табылды. Осы жүйені құру мақсатына жету үшін мына міндеттерді орындау талап етіледі:

- Азық-түлік тауарларының сапасын анықтаудың тиімді жақтары;
- Азық-түлік тауарларының сапасын анықтау мәселелері;
- Азық-түлік тауарларының сапасын анықтау қағидалары;
- Бизнес процесті жобалау арқылы қажеттіліктер мен кемшіліктер анықтау
- Тауарларының сапасын анықтауды автоматтандыру жүйесінің моделін құру;
- Жүйені енгізген кездегі экономикалық тиімділігін есептеу.

Нарық қатынастары шаруашылық қарым-қатынаста жүріп жатқан субъектілерінен экономикалық үдерістерді игеруді, ол үшін оларды терең жан-жақты талдауды талап етеді. Осы талдау негізінде бар ресурстарды тиімді пайдаланып, тұтынушылардың қажеттерін сапалы және жоғары деңгейде, неғұрлым толық қанағаттандыруды белгілейді. Нарықта қалыптасқан қатаң бәсекелестік күресті жеңіп шығу үшін бұл аса қажетті іс. Соның негізінде кәсіпорындарды дәл басқару бағыттары және ұтымды шаруашылық бизнес шешімдері іздестіріледі. Ал ол талдауды жүргізу үшін кең көлемде және неғұрлым толық коммерциялық ақпарат қажет болады. Бұл жиналған ақпарат нарықта әрекет жасап жүрген кәсіпорындар мен келешекте олардың қатарына жаңадан қосылатын кәсіпорындар, олардың өнімдерінің өзгерісі туралы т.б. сол сияқты болжамдық талдау үшін қолданылады. Осы аса маңызды да күрделі іс маркетингсіз орындалуы мүлде мүмкін емес. Сондықтан кәсіпорынды басқару жүйесінде, оның әрекетін ұтымды реттеу ісінде қазіргі кезде маркетинг жетекші рөл атқарады. Маркетингтің мәні өнімді шығару және өнімді өткізу шарттары өзгерісімен байланысты. Маркетинг әрекеті жоғары пайда алу үшін нарықтың, демек тұтынушылардың нақты қажеттерін зерттеу, соның негізінде кәсіпорынның барлық қызметін (тауарды өндіру, өңдеу, өткізу, жылжыту) ұйымдастыру жүйесі болып табылады. Маркетингке сүйене отырып кәсіпорынның түбінде пайдалы әрекетін ұйымдастыру үшін, алғашқы оның қадамдары уақытша пайдасыз, кейде тіпті шығындары болуы мүмкін. Бұл болжамды шығындар немесе

ойда болған уақытша кездесетін қиыншылықтар болып табылады. Одан кейін мол табыс әкелетін немесе кәсіпорынның қанағатты пайда тауып, нарықта тұрақты іс-әрекетін көздеген маркетингтік нысанасы орын алуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Азоев Г.Н., Язин В.Е. Маркетинговые исследования для среднего бизнеса: состояние рынка и перспективы развития/ / Маркетинг и маркетинговые исследования в России. № 2. 2007 г.
2. Алтынбаев Б.А. Истаева А.А. Основы маркетинга: Алматы: 2006 г., Амблер Т. Маркетинг и финансовый результат: новые метрики богатства корпорации. - М.: Финансы и статистика, 2009 г.

УДК 004.75.05

ВЕБ-СЕРВИС МОДЕЛЬДЕУІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ахметбекова М.Е.

espanova-m@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің Информатика мамандығы, магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кинтонова А.Ж.

Соңғы кездері сервис-бағытталған архитектура SOA (Service-Oriented Architecture) негізінде құрылған компоненттік жиын қосымшасы кең қолданысқа ие болып келеді. SOA концепциясы бизнес-қосымшалардың үлкен көлемді компоненттерден құралуына бағытталған. Әрбір осындай компонент SOA модулі болатын арнайы сервиске ие болады. Сервис-бағытталған архитектураны қолдану үлкен көлемді компанияларға өздерінің инфраструктураларын болашақта кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сервис-бағытталған қосымшасының SOA (Service-Oriented Architecture) архитектурасын құру үшін, көбінесе веб-сервис технологиясын қолдану тиімді болып табылады. Веб-сервис технологиясы құрылған платформаға, жазылған тіліне байланыссыз қосымшалардың бір-бірімен әрекет ете алуына мүмкіндік береді. Веб-сервисте операциялардың жиынтығын сипаттайтын, XML хабарлама арқылы қашықтықтан басқарумен шақырылатын программалық интерфейсі бар. Веб-сервистің веб-қосымшадан айырмашылығы, веб-сервис соңғы қолданушыға қолданушы интерфейсі жоқ болғандықтан қызмет көрсетпейді [2]. Веб-сервистің басты мақсаты – басқа қосымшаларға, яғни веб-қосымшалары, мобильдік немесе консольдік қосымшаларға қызмет көрсету болып табылады.

Ақпараттық жүйе құруда жабық түрдегі стандарттарға және форматтарға бағытталуы қосымшаларды интеграциялауда мәселе туғызады. Веб-серистер әр түрлі программалық платформадағы стандарттарды, мәліметтерді жіберу алмасудың ашық хаттамаларына негізделуіне орай кең қолданысқа ие болды. Бұл, мекемелреде IT-инфраструктураларының қолданыстағы сервисті қолдануға, сондай-ақ, бірнеше мекемелер қатысып отырған бизнес процесстерді автоматизациялауда да негіз болады.

Ақпараттық жүйелерді веб-сервис негізінде құру веб-сервиске бағытталған архитектура WSA (Web Services Architecture), сервис-бағытталған архитектура түрлерінің пайда болуына әкелді [4].

Сервис-бағытталған архитектура: концептуальды модель

Бұл концепция архитектуралық стильде негізделеді, ол негізі үш жақпен – жеткізуші, қолданушы және сервис делдалы арасындағы байланысты анықтайтын модель. Сервис жеткізушісі сервистің сипаттамасын жариялайды және оның іске асуын қадағалайды. Сервис делдалы сервис реестрын қамтамасыз етіп, қызмет көрсетеді.